


Жанғара Дәдебаев,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының
директоры, филология ғылымдарының докторы,
профессор

ТАМАША ТАРТУ



Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт
Кемелұлы Тоқаев



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында Абай сөзінің, Абай ілімінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармашылығынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөлісе отырып, әлеуметтік маңызы зор, өзекті қағидалар жүйесін ұсынды. Президенттің: «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық», - сияқты сындарлы сөздері мен орнықты ойларының жүйесі қоғамдық санамыздың, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, әлеуметтік өміріміздің жаңғыруына жаңа серпін берді.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын қазақ халқы, сондай-ақ әлемнің көзі ашық, көңілі ояу барша жұртшылығы атап өтуде. Артында өлмейтұғын, іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын қалдырған ақынын халықтың әр буыны аса ардақ тұтып келеді.

Ақыннан қалған сөздің жарығы мен жарқылына уақыттың билігі жүрмейді. Ол – күннің көзі, айдың өзі сияқты өз алдына бөлек, бірбүтін табиғи құбылыс. Сондай ақын келер ұрпақ, өсер өркеніне:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,


Мыңмен жалғыз алыстым, кiна қойма! –

деп ғұрыз айтып кеткен болса, жаңа буын жұртшылық ұлы ойшыл ақынын зор құрметпен еске алып, оның шығармаларын құтты бiлiм көзiндей жарыса оқып, бiрлесе зерттеп, басқа тiлдерге аударып, баспадан шығарып, бiр-бiрiне оқуға, бiлуге ұсынуда.

Абайдың 175 жылдық мерейтойы жылындағы осындай игiлiктi iстердiң жарқын бiр үлгiсi – ақынның таңдамалы шығармалырының Мәскеуде орыс және қазақ тiлдерiнде үлкен кiтап болып жарық көруi: *Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдамалылар. – Москва: «Русский раритет», 2020. – 424 б.*

Ұлы ақынның кiтабын орыс және қазақ тiлдерiнде құрастырып, алғы сөзiн жазған - Тайыр Мансұров, саяси және экономикалық ғылымдар докторы, Қазақстанның Ұлы тұлғалары туралы бiрқатар кiтаптардың авторы, белгiлi мемлекет және қоғам қайраткерi. Кiтапты құрастыру мен шығарудағы мақсаты туралы ол былай дейдi: «Қазақстан Республикасының Президентi Қ.-Ж.К. Тоқаев 2020 жылы қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын тойлау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл жинақ нақ осы айтулы оқиғаға арналып отыр».

Абай кiтабы - Президент Жарлығын орындауда халықтық сипат алған iс-шаралардың аса елеулi нәтижесi.



Кiтаптың мұқабасы.



Кiтапты құрастырған және алғы сөзiн жазған Тайыр Аймұхаметұлы Мансұров

2006 жылды Қазақстан Республикасының Президентi Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президентi В.В. Путин Қазақстандағы Пушкин жылы, Ресейдегi Абай жылы деп жариялағаны есте. Осы шешiмнiң аясында 2006 жылдың 4 сәуiрiнде Мәскеудiң орталығында Абайға қойылған ескерткiш, 16 желтоқсанында Солтүстiк Қазақстан облысының Петропавл қаласында «Абай мен Пушкин» мүсiндiк композиция салтанатты түрде ашылды. Осы аталған екi iрi мәдени-саяси iс-шараның басындағы екi елдiң



Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев и Президент Российской Федерации В.В. Путин на церемонии открытия памятника Абаю Кунябаеву. Москва, 4 апреля 2006 г.

Москвада Абай ескерткішінің ашылуы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин. 4 сәуір 2006 ж.



Петропавл қаласындағы «Абай мен Пушкин» мүсіндік композициясы. Ашылуы: 16 желтоқсан 2006 ж.

президенттерінің қасында Солтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі әрі «Абай мен Пушкин» мүсіндік композициясы жобасының жетекшісі және авторларының бірі Тайыр Мансұров жүрді. Евразиялық экономикалық одақтың Бас хатшысы (2007 - 2014), Евразия экономикалық комиссиясының энергетика және инфрақұрылым бойынша Коллегиясының мүшесі (Министр) (2014 - 2016), Евразиялық даму орталығының Бас директоры (2016 жылдан бері) бола жүріп те ол Абайды, Абайдың даналығын көзінен таса етпей, көңілінде тербетіп келеді.

Тайыр Аймұхаметұлының Абаймен сырласуының, Абайдың даналық әлемінің тереңіне бойлауының тарихы өткен ғасырдан басталады: 1992 жылы Алматыда Абайдың қарасөздерін 100 мың таралыммен шығарды, бір жылдан кейін ақынның қарасөздеріне поэмаларын қосып, оны да 100 мың таралыммен бастырып шығарды; Сәуле Әмірханқызы Мансұрова 2002 жылы Абайдың таңдамалы шығармаларын шағын форматта, ал 2003 жылы үлкен форматта көп таралыммен бастырып шығарды, 2010 жылы «Пушкин мен Абай: ұлылар үндестігі» кітабын дайындап, оқырман жұртшылыққа ұсынды. 2017 жылы осы жинақ толықтырылып, Москваның «Художественная литература» баспасынан қайта жарық көрді. Осының бәрі Абай тақырыбының Тайыр Аймұхаметұлының өзі үшін де, отбасы үшін де ыстық және қадірлі екенін білдіреді.

Абайдың таңдамалы шығармаларының жинағы мерекелік үлгіде көркем безендіріліп, жоғары полиграфиялық сапада шыққан. Кітаптың әуелгі беттерінде 2006 жылы 4 сәуірде Москвадағы Абай ескерткішінің ашылу салтанатының суреті, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың, Россия Президенті Владимир Путиннің, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың, сондай-ақ ғұлама-жазушы Мұхтар Әуезовтің, Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, жазушы-ғалым, Ресейдің «Тамаша адамдардың өмірі» (ЖЗЛ) сериясымен шыққан «Мұхтар Әуезов», «Абай» кітаптарының авторы Николай Анастасьевтің ойлары мен пікірлері Абайдың ұлылығын әр қырынан көрсетеді. Осы ойлар мен пікірлерден кейін «Абай – ұлы ақын және ойшыл» деген атпен кітапты құрастырушы Тайыр Мансұровтың алғы сөзі ұсынылған. Алғы сөздің авторы кітаптың сипаты туралы бағалы мәліметтер берумен қатар Абайдың таңдамалыларының мәнісін саяси-әлеуметтік кеңістікте ашады. Автор: «Барлық халықтарда ұлттық рухтың символына айналған тұлғалар бар. Қазақтарда ол – Абай, орыстарда – Пушкин. Абай мен Пушкин жайында жана бір ой айту – қиынның қиыны. Дейтұрғанмен жазушылар, әдебиеттанушылар, сыншылар осы екі данышпанның шығармашылығын асқан ынтызарлықпен зерттеуде. Мәңгілік даналыққа терең бойлауды біз де тоқтатқан емеспіз...» - дейді. Өте орынды.

Қиынға, қиынның қиынына, мәңгілік даналыққа бойлау, терең бойлау, соған ден қою, сол даналықтың ең алдымен елдің өсер өркендерінің жүрегін баурағанын мақсат ету үлкен азаматтықтың, тегеурінді танымның, ұлттық, мемлекеттік көзқарастың ішкі қуатынан туады. «Абай қай заманда болмасын, өмірдің ең басты сұрақтарына лайықты жауап табуға көмектесетін кемеңгерлердің бірі болып қала береді», - деген сияқты сара сөз айтудың өзегінде де үлкен мән бар.

Құрастырушы-автордың кітапқа жазған алғы сөзінде Москваның орталығында Абайға орнатылған ескерткішке байланысты ерекше мәлімет берілген. Ресей Федерациясының бас қаласы ғана емес, жай қаласының өзінде өзге елдің ақын-жазушыларына қойылған ескерткіштер болған емес. Осындай жағдайда Москваның төрінде қазақтың Абайына ескерткіш қою, оны ел алдында салтанатпен ашу – ХХІ ғасырдың ерекше мәдени құбылыстарының қатарынан орын алатын айрықша тарихи оқиға. Алғы сөз авторы осы оқиғаның негіздемесін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ескерткіштің ашылу салтанатында сөйлеген сөзімен қисынын тауып жеткізеді.

Орыс халқының әдебиеті мен мәдениетіне, Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты ұлы шығармашылық тұлғаларына, олардың шығармаларына адамзат қолмен қашап ғасырлар бойы қоя алмас ғажап және мәңгілік ескерткішті Абай ХІХ ғасырда өзінің өнер қуатымен өрнектеді, аспанның асты мен жердің үстінде баламасы жоқ бейнеде бедерледі. Сөйткен Абайға Москваның ортасында ескерткіш орнатқан Ресейге біздің де құрметіміз зор. Сол құрметтің белгісіндей болып Петропавлда «Пушкин мен Абай» мүсіндік композициясының ашылуын бек қанағаттанғандық сезіммен қабылдадық. Абай ардақ тұтқан ұлы ақындарға біз де құрметпен қарап келеміз.

Екі елдің азаматтарына осындай шуақты шақтардың қызуын таратқан игі де ізгі іс-шара сабағы, өмірлік бай тәжірибе, терең таным, тұрлаулы тұрғы

Абайдың таңдамалыларын таңдаудағы талғампаздықтың өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен. Кітапты құрастырған және алғы сөзін жазған саяси, экономикалық ғылымдардың білгірі, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткерінің осындай зияткерлік биіктігі, берік азаматтық тұрғысы ақын таңдамалыларының пішіні жағынан әдемі, мазмұны жағынан баянды, игілікті болып шығуына қол жеткізген.

Орыс тілінде Абайдың қарасөздерінің бірнеше аудармасы бар. Құрастырушы солардың ішінен В.Шкловскийдің аудармасын таңдайды. Ішінара өзгерістер де жасайды: Отыз жетінші сөзді Л.Соболевтің аудармасында, Отыз сегізінші сөзді С.Санбаевтың аудармасында береді. Құрастырушы мұндай таңдауды ақын мұрасы, оның аудармалары туралы өзінің эстетикалық көзқарасына сәйкес жасаған.

Құрастырушы-автор ақын өлеңдерінің аудармаларын таңдауға келгенде, Әуесхан Қодардың аудармаларын лайықты көреді. Абайдың әр өлеңінің бірнеше аудармасы бар, аудармашылар - орыс поэзиясының, аударма ісінің белгілі майталмандары. Құрастырушының солардың бәрін сарапқа сала отырып, Ә.Қодардың аудармасына тоқтауы да негізді. Жинаққа Ә.Қодардың аудармасында Абайдың алпыс өлеңі енген. Асылнұсқада ақынның отыз өлеңі таңдалып алынған.

Абайдың қарасөздері де, өлең сөздері де даналық қағидаларға, ой мен сезімге бай. Осы байлық ақын өлеңдерінің аудармаларында түрлі мөлшерде көрініс табатын болса, қарасөздерінің аудармасында молынан сақталады. В.Шкловскийдің аудармасы осындай байлығымен бағалы.

Кітаптың құрылым-жүйесінде өзіндік сәулетімен жарық шашып тұрған бір бөлім бар. Ол бөлім Абайдың өзінің, отбасы мен жақын айналасындағы адамдар мен олардың мүсіндерінің суреттерінен тұрады. Абайдың бейнесі салынған көркем суреттердің, мүсіндердің фотокөшірмелері – мемлекеттік



Абай, ұлдары Ақылбай, Тұрағұл.

музейлердің, архивтердің қорында, қоймасында сақтаулы тұрған өнер туындыларынан түсіріліп алынған өз алдына бөлек өнер үлгілері. Олар белгілі суретшілер мен мүсіншілердің шығармашылық қолтаңбаларын жаңғыртып көрсетеді. Бұл секілді суреттердің эстетикалық, танымдық мәні терең.

Кітаптың «Абаймен сырласу» деп аталатын соңғы бөлімі белгілі ақындардың Абайға арнаған өлеңдерінен тұрады. Халижан Бекхожин, Мағжан Жұмабаев, Қасым Аманжолов, Әбіраш Жәмішев, Жұбан Молдағалиев, Қайрат Жұмағалиев, Тұманбай Молдағалиев өлеңдері – орысша, ал Фариза Оңғарсынованың, Дүйсенбек Қанатбаевтың, Ұлықбек Есдәулетовтің, Мағжан Жұмабаевтың, Марфуға Айтқожинаның, Жарасқан Әбдірашевтің өлеңдері қазақша берілген. Кітап Ғарифолла Есімнің орыс, қазақ тілдеріндегі мақалаларымен тиянақталған.

Абайдың өлеңдерінің образдық жүйесі ұлттық сипаттағы ерекше көркемдік мәнімен, эстетикалық әсерінің нәрімен құнды. Аудармада бұл құндылықты түзуші құралдардың басқа тілдердегі баламасын тауып қолдану қиын, кейбір жағдайларда тіпті мүмкін емес. Сол себепті Абай өлеңдері аудармасының көркемдік-эстетикалық әсері асылнұсқаның көркемдік-эстетикалық әсерімен көп жағдайларда тең түсе алмайды. Аударманы эстетикалық қабылдау мен асылнұсқаны эстетикалық қабылдау арасында да алшақтық сақталатыны анық. Дейтұрғанмен Тайыр Аймұхаметұлының құрастыруымен және алғы сөзімен жарық көріп отырған кітап аударманың оқушысы үшін де, асылнұсқаның оқушысы үшін де ғибратты болатыны анық. Бұл кітаптан әр оқушы өзі үшін де, өзгелер үшін де пайдалы, қымбат қазына табады.

Кітапта Мұхтар Әуезовтің 1954 жылы 24 қыркүйекте Москвадағы Одақтар Үйінің Колонна залында сөйлеген сөзінен мынадай үзінді берілген: «Нақ осы күндері бізге қайта оралған, өте жақындап, түсінікті бола түскен Абай бұрын-соңды кездеспеген кейіпте нұрланып тұр. Аспандағы жұлдыздар шоғыры біздің планетамызға барынша жақындағанда, адамдарға бәрінен де жақсы көрінген сәтте осындай құбылыс орын алады деп ойлаймын».

Биылғы жылы да Абай әлемі, М.Әуезов айтқандай, бұрын-соңды кездеспеген кейіпте нұрланып тұр. Оның мәнісі ұрпақтарының, елінің ұлы ақынына деген ыстық ықыласы мен зор құрметінде, сүйіспеншілігінде.

Абай шығармаларының халықтық мазмұны көлдей шалқып, теңіздей тебіреніп тұрады. Оның сазды сарыны Абай өзінің сөзін арнаған жастардың көңілінде де толқиды. Ақынның шығармашылық мұрасының мына кітаптағы байтақ кеңістігінде Абай бейнесі, Абай өзінің сөзін арнаған жастар бейнесі осындай қалпымен көрінеді. Ақын мұрасына деген ыстық ықылас, зор құрмет, шын сүйіспеншілік әрбір жастың жүрегінің тереңінде тербеліп тұрғанынан асқан ғанибет жоқ.

Халық таныған, шығармашылығы халықтық сипат алған ақынның таңдамалыларын құрастыру, баспаға дайындау, баспадан шығару заманауи ғылыми тұрғыға, ғылыми жүйеге сай жүзеге асады. Сондықтан мұндай биік деңгейдегі ақынның шығармашылық мұрасын құрастыруға да, баспаға дайындауға да үлкен жауапкершілікпен қарауға тура келеді. Бұл жерде кең өрісті ғылыми таным, ғылыми сара жүйе қандай маңызды болса, автордың шығармашылық мұрасын, авторлық құқығын құметтей білу де сондай аяулы болмақ.

Таңдаулы ақынның таңдамалы шығармаларын құрастыру оңай емес. Ал Абайдай дананың таңдамалы шығармаларын құрастыру өте қиын, өйткені мұндай үлкен іске терең білім, биік көркемдік талғам, ақын рухы алдындағы адамшылық парызы мен қарызын терең сезінген кемел кісілік келбет керек. Абайдың таңдамалы шығармаларын құрастыру үлкен еңбекті, шығармашылық танымды, парлаған парасат-пайымды, ғылыми жүйені, тіпті саяси-әлеуметтік тиянақтылықты талап ететіні де анық. Абайдың таңдамалылары осындай талаптарға сай құрастырылған.

Тайыр Мансұровтың құрастыруымен және алғы сөзімен Мәскеуден шыққан Абай таңдамалылары ақынның 175 жылдық мерейтойына тамаша тарту болды.

Абай кітабы ақынға, ақынның шығармашылық мұрасына деген ыстық ықылас пен зор құрметтің, сүйіспеншіліктің нұрымен жарқырайды.